



Автор: Гүлназ Школова Байпатшақызы

Пән: Қазақ әдебиеті

Сынып: 10-сынып

Бөлім: Прозадағы көркем ой

Тақырып: И.Жансүгіровтың "Құлагер" поэмасы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	9.1.1.1- әдеби шығармаға сюжеттік -композициялық талдау жасау
Сабақтың мақсаты:	9.1.1.1- әдеби шығармаға сюжеттік -композициялық талдау жасау
Тілдік мақсаттар:	
Күтілетін нәтиже:	
Бағалау критерийлері:	- Шығарманың композициясы мен сюжетіне талдау жасайды. - Ұлттық құндылықтардың маңыздылығын шығарма мазмұныменмен үндестіреді.
Құндылықтарды дарыту:	Адамгершілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу Оқушылар бір-бірін тыңдауда шыдамдылық таныта біледі, сыныптастарына құрметпен қарайды. Жеке, топта жұмыс істей алады.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интерактивті тақта
Пәнаралық байланыс:	Тарих
Бастапқы білім:	І.Жансүгіров «Құлагер» поэмасының көркемдік ерекшелігі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	«Миға шабуыл» әдісін пайдалану арқылы оқушыларға сұрақ қойылады. Құлагер Ақан өмірінің сұлулығы мен идеалы ма? Оқушыларға сабақтың мақсаты мен бағалау критерийі таныстырылады	
Сабақтың ортасы	Топтық жұмыс Оқулықтағы мазмұнды басшылыққа алып жұмыстанады 1-топ.Құлагер 2-топ.Ақан 3-топ Сағынай 6 қалпақ әдісі бойынша шығарма құрылымына талдау жасайды. Қабілетті оқушылар үшін: Ақ қалпақ Оқиғаның басталуы Қызыл қалпақ Оқиғаның байланысуы Сары Қалпақ Оқиғаның дамуы Қара қалпақ Оқиғаның шиеленісуі Жасыл қалпақ Оқиғаның шарықтау шегі Көк қалпақ Оқиғаның шешімі Жақсы оқитын оқушыларға берілетін тапсырма Оқиғаның кездерін сюжеттік-композициясына сәйкес Толтырыңыз Батыраштың Құлагерге қастандық жасауы Ақанның Ерейменге асқа келуі Бай-бай Құлагерім әнінің шығуы Құлагердің мерт болуы Қолдауды қажет ететін оқушылар үшін берілетін тапсырма: Оқиғаның сюжеттік-композициялық мазмұнын сәйкестендіріңіз Батыраштың Құлагерге қастандық жасауы Шығарманың басталуы Ақанның Ерейменге асқа келуі Шығарманың шиеленісуі Бай-бай Құлагерім әнінің шығуы Шығарманың шарықтау шегі Құлагердің мерт болуы Шығарманың шешімі Бұл тапсырма бойынша оқушылар «Өзін-өзі бағалау» кестесіне сәйкес бірін-бірі тексеріп бағалайды,тақтада тапсырмалардың дұрыс нұсқасы көрсетіледі	
Сабақтың соңы	2-тапсырма. «Конвертті сұрақ» әдісі. 1. Поэмадағы құндылықтар сіздерді ойландыра ма? 2. Поэмадағы құндылық сіздің бойыңызда бар ма? 3. Илияс қандай құндылықтарды бағалайды, ал сен қандай ұлттық құндылықтарды бағалар едің?	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Рефлексия	Оқушының рефлексиясы «Жетістік баспалдағы» толтыру Сабақ сіздерге ұнады ма? Жақсы түсіндім Түсіндім Сұрағым бар Мүлдем түсінбедім	
Құлагер	Құлагер	